

# ҚАЗАХСТАН АКСИОНАТЫ

## КАЗАХСТАН АКСИОНАТЫ

### ҚАЗАҚ АКСИОНАТЫ

Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті парткомының, ректоратының, комсомол, жергілікті және кәсіподағы комитеттерінің органы.

№ 3 (357) Жұма, 13 февраль 1959 жыл. Жеке саны 10 тиын Шыға бастауы онбірінші жыл.

## ҚЫСҚЫ СЕССИЯНЫ ҮЛГІЛІ ӨТКІЗЕЙІК

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ тарихи съезі коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың ұлы программасын айқындап, еңбекшілердің, ең алдымен, жеткіншек жас ұрпақтың коммунистік саналылығын арттыру оларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау, советтік патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеудің сара жолдарын мензеді.

Еліміздің алдына қойылған осындай ұлы міндеттер тұрғысынан алып қарағанда, университеттің студент-жастарының арасында тәлім-тәрбие, оқыту істерін жүргізуде басты-басты міндеттер тұр. Бұл жөнінде университеттің партия ұйымы мен ректораты бүкіл елімізде жоғарғы оқу орындарында оқу жүйесінің өмірмен тікелей байланыстыру жөніндегі партия мен ұкіметтің қойып отырған міндеттерін іске асыруда бірқатар жұмыстар жүргізді. Барлық факультеттердің ескі оқу жоспарлары қоспағандықтан, оны өмірде жан-жақты, дербес қолдана білетін маман болып шығады.

Москвада, Кремльдің Үлкен сарайында заманымыздың ақыл-ойы — Коммунистік партияның ең таңдаулы өкілдері біздің сәулетті болашағымызға көз жіберіп, елімізде коммунизм құру болашағының негізгі мәселелерін талқылап жатқанда, университет коллективі аса қызу кезеңді басынан өткізуде еді. Бұл күндері студенттер бұқарасының қысқы сессияға әзірлік сапасын байқау басталды. Съезд күндерімен ұласа келген бұл мерзім студенттерге қатты жауаптылық артты. Олар жарты жыл бойы алған теориялық білімдерін практикаға байланыстыра отырып, байсалды да байыпты сыннан өтті. Байқаудың нәтижелері студенттердің басым көпшілігінің алған білімдерінің тиянақты екендігін көрсетті. Бірқатар факультеттерде қысқы сессияға әзірлік күнделігі басталып, көптеген студенттер жарты жылда өткізілген пәндерді жан-жақты, терен меңгергендіктерін көрсетті.

Алайда, байқаудың (зачет тапсырудың) барысында бірқатар елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығы байқалады. Газетіміздің бүгінгі санында орын алып отырған кемшіліктер туралы нақты материалдар да жарияланып отыр. Көрсетілген бұл кемшіліктермен қатар әсіресе, сессияға әзірлікті байқау (зачет тапсыру) экономика факультетінде нашар екендігі көрінді. Бұл

ған факультет бойынша 22 студенттің зачет тапсыра алмай қалуы толық мысал бола алады. Бұл зачет тапсыра алмай қалған студенттердің тең жартысы жоғарғы курс студенттері болып отырғандығы ойланатын жай. Егер сессияға әзірлік істерін комсомол, кәсіподақ ұйымдары күшімен қолға алып, әрбір студенттің дербес әзірліктерін қатал бақылаған болса мұндай кемшіліктер орын алмаған болар еді. Сондай-ақ химия факультетінде де зачет тапсырудың жайы нашар болып отыр. Мұнда 28 студент байқау кезінде әзірліктерінің нашарлығын көрсетті. 3 курс студенті Г. Мищенко үш зачеттің бірде бірін тапсырмаған жоқ. Сондай-ақ 2 курс студенті Р. Бесімбаева мен Л. Хасановалар үш пәннің бірде бірін тапсырмаған.

Кейбір факультеттерде зачет алу тәртібі бұзылды. Зачеттар емтихан сессиясы басталғанша алынып бітуге тиіс бола тұрса да, ол емтихан сессиясының уақытында қабылданды. Атап айтқанда, филология факультетінің журналистика бөлімінің (казак секторы) 3 курс студенттерінің бір тобы орыс әдебиетінен зачетты 2 февралда берді де, ал олардың тең жартысы кейінге қалдырылды. Мұның өзі студенттердің кезекті емтиханға тыңғылықты әзірленуіне едәуір кесел келтіретіндігінде сөз жоқ.

Кәзір емтихан сессиясы қызу жүріп жатыр. Бұл күндері партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары оқу залдары мен кабинет, лабораториялар жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуын өз бақылауларына алып, емтиханның сапалы, оқытушы — профессорлар тарапынан талапкерліктің жоғары дәрежеде болуы қамтамасыз ете білулері керек. Әсіресе комсомол және кәсіподақ ұйымдары әрбір студенттің емтиханға әзірлік ісінің дұрыс ұйымдастырылып, әрбір пәннен керекті оқулықтар мен оқу құралдарының жеткілікті болуын, кітапханалардың жұмыс уақытының бұл міндеттерге сай құрылуын ұйымдастыра білу керек.

Қысқы сессия — әрбір студент үшін үлкен сын. Өйткені, олар жарты жыл бойында алған білімдерінің дәрежесі мен сапасы туралы Отан алдында есеп берсе, өз ұстаздарының алдында ол туралы емтихан тапсырады, сөйтіп, өздерінің болашақ іске қаншама әзір екендіктерін көрсетеді. Сондықтан да әрбір студент үшін уақыт қымбат, минут асыл. Демек, әрбір студент жеке пәнді тиянақты, дәл, толық меңгеру үшін өткендерін асықпай қайталап, тиісті әдебиетті түгел, терен оқу үшін өзінің уақытын дұрыс пайдалана білуі керек. Сөйтіп, бар күш-жігерімізді жұмсай отырып, қысқы сессияны үлгілі өткізейік.

## Кездесу кеші

Жақында университет оқытушылары мен студенттердің Москва қаласында өткен қазақтың әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігіне қатнасақан бір топ көркемөнер шеберлерімен кездесу кеші болды.

Кеште онкүндіктің өтуі жайында Қазақ ССР Мәдениет министрі Әмір Қанашин жолдас жиналғандарға қызықты әңгіме айтып берді.

Кештің екінші бөлімінде концерт болды. Концертті Қазақстанның халық артисі Лидия Чернышеваның басқаруындағы Дүниежүзілік VI — фестивалдің лауреаты, онкүндікке қатнасушы Қазақ ССР-ының мемлекеттік эстра-ансамблі бастады.

Ансамбль композитор Ф. Жұбанованың «Партия туралы ән», В. Мураделидің «Россия — мейің Отаным», Б. Байқадамовтың «Су тасушы қыз әні», Н. Глендвраттың «Көктем кеші», Е. Брусиловскийдің «Ақтамақ» әндерін орындады. Сонымен қатар ансамбль композитор В. Байқадамовтың «Алатау бөктерінде» атты музыкалы вокальды-композициялық постановка қойды.

Концертке республикамыздың көрнекті сахна шеберлері қатнасты. Қазақстанның халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ә. Умбетбаев қазақ және орыс халықтарының әндерін орындады.

Совет Одағының халық артисі Р. Жаманова классикалық және советтік опералардан бірнеше ариялар орындады.

Кеште Қазақтың Абай атындағы Левин орденді академиялық опера және балет театрының бишісі И. Жанғозина және тағы басқа көркемөнер шеберлері өздерінің өнерлерін көрсетті.

Т. ДӘУЛЕТОВ.

## БҮЛ КҮНДЕРІ

Биылғы оқу жылының басында биология-жер қыртысы факультеті № 1 оқу корпусына орналасты. Бұрынғы тар, ыңғайсыз, жарығы аз корпустың орнына кең, жарық, тамаша аудиториялар мен лабораториялар алды. Сонымен бірге студенттердің өз бетінше дайындалуына жағдай жасалып, күнделікті лекциялар алты сағаттан аспайтын оқу кестесі жасалды. Міне, семестр аяқталып, студенттердің тапсырған зачетінің де қортындысы шықты. Бесінші курс студенттері қысқы емтиханды жақсы тапсырды. Бірақ, төменгі курстардың жағдайы ауыз тұшытарлық емес. Әсіресе I курс студенттерінің жартысы қазақ тілі сабағынан зачет тапсырмаған. Ал осы курстан Мамитов, Арғынғазиев, Слуге, Мадкова барлығы 9 адам КПСС тарихынан зачеттарын тапсыра алмаған. Бұлардың кейбіреулері зачет тапсыруға себепсіз келмей қалған. Бұл әрине осы пәндерге студенттердің немісқарайды қарағандығының салдары. Биылғы I курстары 46 адамның 21-і зачет тапсыра алмады. Мұндай жағдай факультет өмірінде бірінші рет кездесіп отыр. III курсте де жағдай мез емес. Мұнда да Носков, Чумуранова, Ибрашева, Сагитовалар ағылшын тілінен зачет тапсырмаған.

К. НАЙМАНБАЕВ.

## Алғашқы „бестіктер“

Бір топ студент аудиторияның алдында есіктің ашылуын күтіп, барлығының есіл-дерті сонда болып тұр. «Бірінші болып жауап беру кімнің үлесіне тимек? Қандай баға алар екен?» Күтіп тұрғандардың дәл сол әзірдегі ортақ ойы, көбінің көңілі толқытқан жай осы бір сұрақ еді.

Міне, аудитория есігі жайымен ғана жылжи ашылып, іштен өңі гүл-гүл жайнап, көзінде күлкі ойнап бір ақ-сары қыз шыға келді. Сарыла күтіп, дегбірсізденіп тұрған достары оны түгел қоршап ортаға алып, асығып, аптыға сұрап жатыр:

- Мәрия, қандай баға алдың?
- Не деген сұрақ келді?
- Қалай айттың, ұзақ сұрай ма?
- Бес! — деді Мария бар қуанышымен бір-ақ ақтарып.

Екінші болып шыққан Дусия көп күттірген жоқ. «Не алдыңға» оның да берген жауабы:

- Бес!
- Сөйтіп, ілкі алдымен шыққан курстас екі қыз достарына жақсы лебіз, мол қуаныш әкелді.

— Ау, бұл жігіттер қайда? Қыздар жүрексіңбей, бағыл басып, жарып шығып жатқанда, бұта түбіне қорғалаған бөденедей болып, олардың отырысына жол болсын? — деді Лидия жігіттерге көз қияғын тастап. Қыздар оның сөзін құптап ала жөнелді. Бұл қағыту, өрине, жігіттердің намысына тиді.

— Даурықпай қоя тұрыңдар! Игі-

## БІЗДІҢ КАНДИДАТТАРЫМЫЗ



Жуырда еңбекшілер депутаттары жергілікті советтерінің депутаттарына кандидаттар ұсынуға арналған университет коллективінің жалпы жиналысы болды.

Университет коллективі еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық советінің депутаттарына кандидаттыққа университеттің ректоры, академик Т. Б. Дарқанбаев, партия комитетінің секретары М. В. Шилов, профессорлар Д. В. Сокольский және М. Б. Балақаев, доцент М. А. Ваксберг пен аға оқытушы В. Ф.

Ермолаева жолдастарды бірауыздан ұсынды.

Еңбекшілер депутаттары Сталин аудандық Советінің депутаттарына кандидаттыққа сырттай оқу бөлімі жөніндегі проректор И. С. Сейлов, биология ғылымдарының докторы Н. З. Хусанова, доценттер Н. С. Савицкий, С. С. Сартаев, О. Малыбаев және физика-математика факультетінің 3 курс студенті Х. Мухамеджанова жолдастар ұсынылды.

Суретте: Т. Б. Дарқанбаев, Д. В. Сокольский, О. Малыбаев жолдастар.

## Коллектив қалаулысы

Бар ынтасымен стол үстіндегі қағазға қарап отырған Вера Федоровнаның ойын телефон шылдыры бөліп жіберді.

— Депутаттыққа кандидат болуыңызбен құттықтаймын, — деген қызметтес жолдасының сөзіне:

— Рахмет, — деп жауап қайырып оның өткір, дөңгелек қонырқай көзінен мақтаншы оты жайлап тұрғандай. Ия, ол мақтанса мақтануға тұрарлықтай.



1938 жылы университет табалдырығынан бірінші рет аттап алған филология факультетінің есігін ашқанда, онтоғыз жасар оған ғылым ордасы өзінің құшағын кең ашып, жылы шыраймен қарсы алды.

Білім жолына түскен Вера Федоровна алғашқы күннен бастап-ақ оқуда, қоғамдық жұмыста құлашын кенге сермеп, өзін факультет коллективіне адал еңбегімен таныта алды. Факультет комсомол ұйымы-

ның секретары қызметін атқарды. Сталин атындағы стипендия алып оқиды.

1942 жыл. Қырғибақ соғыс, кескілескен ұрыс, бейбіт социализм еліне соғысқұмарлардың соқтығысының жүріп жатқан кезеңі. Ол кезде бөрі майдан үшін. Осы жылы университет бітіргеннен кейін алғаш халық ағарту министрлігінің кадрлар басқармасы бөлімінің инспекторы болып орналасты. 1948 жылға дейін Фрунзе аудандық, кейінірек Алматы қалалық комсомол комитеті секретарының қызметін атқарды. Еңбекте ерінбейтін, өз ісіне шын берілген Вера Федоровна Ермолаева 1958 жылдың март айынан бастап Алматы облыстық партия комитетінің жоғарғы оқу орындары және мектептер жөніндегі бөлімінің меңгерушісі болып істеп келеді. Әркез жақсы ісімен өзгеге өнеге болып, үнемі өсу, іздену жолында. Барлық кезде бар жігерімен, шын беріле еңбектеп, көпшілік құрметіне бөленіп келеді. Оның айғағы болар жайлар көптеп кездеседі.

Вера Федоровна білімнің нәрін алған, тәрбиеленіп өсірген университеттен қол үзіп кеткен жоқ. Ол университеттің филология факультетінің студенттеріне орыс әдебиетінен сабақ береді. Ол бір уақыт шат көңілді, жайдары мінезді студент жастармен бірге университет аудиториясында болса, енді бірде облыстық партия комитетінде көресіз. Ол уақытын үнемі пайдаланып, өз жұмысын мінсіз атқарды. Ол «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен екі рет, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің грамоталарымен бірнеше рет наградталды. Университет коллективінің арасында да зор сенімге ие болып, еңбекшілер депутаттарының қалалық советінің депутаттарына кандидаттыққа ұсынылды.

К. ТӨЛТАЕВ.

## Қортынды осылай

Химия факультеті сессияға жақсы әзірлікпен кірісті. Студенттердің семестр бойы оқыған практикалық сабақтары қорытындылануда. Зачет тапсыру әсіресе, жеке топтарда ұйымшылдықпен өтті (1 — курстың 4 топтары). Зачеттың қорытындысында II курстың 2 топтары бірінші орынға шықты. Осы сияқты III, IV курстер де зачетқа бірқалыптау әзірленгендіктерін көрсетті.

Факультетте өз міндеттерін орындамай жүрген студенттер де жоқ емес. II курс студенттері Квач, Сирицкая, Құлбаева сияқты студенттер өткен I-курстағы тапсыра алмаған сабақтарынан осы күнге дейін құтыла алмай жүр. III курс студенті Мищенко да сабақ үлгермеушілер қатарында келеді. Ол II курс программасында көрсетілген сабақтарды тапсырып бітірудің орнына, осы оқу жылының бірінші семестрінде, бұрынғыларға қосымша сағасы экономика, физика, шетел тілі пәндерінен зачет ала алмаған.

Факультетте шетел тілі, дене шынықтыру пәнінен зачет тапсырмаған біршыра студенттер бар. Шетел тілі пәнінен I курстан Голодов, Аксенов, II курстан Абдрашитова, Германцева, III курстан Ногаева, Рахымбекова, IV курстан Назаровтар зачет тапсыра алмаған.


Факультетте шетел тілі, дене шынықтыру пәнінен зачет тапсырмаған біршыра студенттер бар. Шетел тілі пәнінен I курстан Голодов, Аксенов, II курстан Абдрашитова, Германцева, III курстан Ногаева, Рахымбекова, IV курстан Назаровтар зачет тапсыра алмаған.

Емтихан қабылдаған геоморфология пәнінің мұғалімі, доцент М. Жандәуір шәкірттеріне риза.

— Жарайсыңдар, жақсы әзірленіңдер, — дейді ол шын көңілі білдіріп, — барлық емтиханды осылай, ойдағыдай өткізулеріңе тілектеспін.

К. МАҚАМЕТЖАНОВ.

Д. ТІЛЕК.



Қысқы сессия басталды. Барлық жерде емтихан жүріп жатыр. Биология факультетінде екінші курс студенттері КПСС тарихының курсы жақсы меңгергендіктерін байқапты. Суретте: доцент А. С. Рахимов КПСС тарихынан студентка Инна Подобедтен зачет алып отыр. Фото Н. ЖУБАНОВТІКІ.

1942 жыл. Еліміздің азаматтары Отанымызды неміс басқыншыларынан қорғауға аттанып жатқан кез. Кезек Болаттың әкесі Қадірақынға келді. Бұл Болат пен Ерланның туған әкемен соңғы рет қоштасып, шығарып салуы еді.

Кешікпей мейрімсіз ажал оларды ана күшағынан айырды. Екі балапан қарт әжесінің қолында қалды. Болат пен Ерлан мектеп жасына дейін осында тұрып, содан кейін аудандық пансион тәрбиесіне қабылданды. Осы пансионда Болат онжылдықты 1953 жылы, Ерлан 1956 жылы бітіріп шықты.

Болат онжылдықты бітіргеннен кейін өз еркімен 1953 жылдың октябрь айында әскер қатарына қабылданды. Оның іскерлігін байқап жүрген рота командирі өз бөлмесіне шақырып алып:

— Солдат Қадірақын, сізді кіші монтерлер даярлайтын авиация мектебіне оқуға жібереміз. Оқу мерзімі 8 ай, — деді.

Болат мерзімді әскери жұмысын бітіріп, туған жеріне оралды. Бұл кезде Ерлан да онжылдықты бітірген еді. Екеуі бірдей оқуға тұрмыс жағдайы көтере алмайтынын сезіп, туған бауыры Ерланның оқимын деген талабына Болат қарсы

болмады. Өзінің туған колхозы «Сарыбелге» жұмысқа орналасты, оған көмектесіп тұратындығын айтты. Қазір Ерлан Семейдегі медицина институтының 3 курсына оқиды.

Болат бір-ер жыл жұмыс істегеннен кейін, 1958 жылы университеттің физика-математика факультетінің физика бөліміне емтиханды жемісті тапсырып, оқуға түсті.

— Алғашқы кезде оқу ауырлау соғып, лаборатория жұмыстары түсініксіз болып жүрді, — дейді ол. Сондықтан ол дербес көп әзірленіп, көп оқыды. Оның № 3 жатақхананың залында түнгі сағат 2—3-ке дейін кітапқа үніліп отырғанын жиі көреміз. Осындай еңбегінің арқасында да ол семинарларда жақсы сөйлеп, жолдастары арасында көзге түсіп жүр.

Болат оқумен бірге студенттер жатақханасында монтер болып жұмыс істейді.

Болат қысқы емтиханға мұқият даярлықпен кірісті. Ол I-курс үшін алғаш емтихан тапсыру жауапты кезең екенін жақсы түсінеді. Сондықтан, барлық зейін-күшін қысқы емтиханға салып, тек «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаларға тапсыратынына сенеміз.

Қ. ТІЛЕГЕНОВ.

### Оқу залдарының жұмысына көңіл бөлісін

Университеттің оқу залдарының дұрыс жұмыс жасауына нақтылы көңіл бөлінбей отыр. Мұның өзі қысқы сессия кезінде студенттерге залдың тиімділігі сөзсіз.

Оқу залдарының жұмыс істеу уақыты студенттердің дербес әзірлейтін кезімен қабыспайды. Бұл, әсіресе, кабинеттерге тән болып отыр. Студенттердің лекция кездерінде кабинеттер ашық болады да, ал олардың бос кезінде жабық тұрады. Оқу залдары студенттерді кітаптармен түгел қамтамасыз ете алмайды. Өйткені, құралдарының көпшілігі кабинеттерде, кейбір оқу залдары бір-ақ сменада жұмыс істейді. Мұның себебін Олейникова жолдас қызметкерлер жетіспейді деген сылтаумен жуып-шайды.

Оқу залдарының жақсы жұмыс істеуі әрбір студенттің өзінің тәртіп-

тілігіне, олардың зал жұмысына шын көңілмен қамқорлық жасауына да байланысты. Бізде кейбір студенттер кітаптардың беттерін жырып алады, я болмаса аттарын жазып, сызып, кітаптың сиқын бұзады, оқу залында шешінбей, кей кезде өзара сөйлесіп отырады. Филология факультеті журналистика бөлімінің 4 курс студенті Портной жолдас оқу залында ұрыс салуға дейін барған.

№ 1 оқу корпусындағы оқу залында тәртіпті бақылауға да жағдай жоқ. Өйткені, кітап беретін жер мен оқу залының арасы тым алшақ, ондағы тәртіпті сақтауға кітап берушінің мүмкіндігі жоқ.

Алдағы уақытта оқу залдарының жұмысы жақсартылып, оның ішкі тәртібі жөнге келтірілуі тиіс.

Қ. ҚАБУЛОВ.

## Достықтар

Бір бөлмеде жататын Төкеш пен Сәбит: шіркін, ұйқы, сен неге тәтті болдың дегенді жиі айтудан жалықпайтын болып алды.

Бөлмедегі сапырылыстан ерте ояған Сәбит жастықтан басын сәл көтеріп, бүркенген одеялдан бір көзін сығырайта түсіп: — Төкеш, тұр, — деп дауыстайды. Бұған жауап ретінде Төкештің «әу» деген шікілдек даусы естіле түседі де басылады. Одан кейін бөлмені тыныштық басады, екеуінің тәтті ұйқыға берілгені, мұрын-дарының пысылы естіледі.

Бір кезде ұйқысы қанып ояған Сәбит Төкешті тұр-тұрлап оятады. Сағат стрелкасы онды бір-ақ көрсетеді.

Ыңыраана ояған Төкешке ызаланған Сәбит:

— Сенің-ақ ұйқың қанбайды екен, бүгін де сабақтан қалдық, — деп ұрысқан болады.

Керіле, созыла төсектен эзер тұрған Төкеш сағатына қарап:

— Үшінші парға барайық. Оған ровно бір сағат қырық бес минут бар. Саспа, жуын, сонсоң тамақтанайық, — деп жауап береді. Осылай екі дос ертеңгілікте жұптарын жазбастан соңғы парға барып, елдің арт жағын ала, бастарын бұға отыра кетеді.

— Уһ, деп демдерін бір алып, ешкімге көрінбей жеттік-ау — дегендей бір-біріне жымындап қарасады екі дос.

Т. ҚОҢЫРОВ.

### Олар зачет тапсыра алмады

Университеттің физика-математика факультеті студенттерінің көпшілігі зачеттарын уақытында тапсырды.

Бірақ, I курс студенттерінің біразы жалқаулыққа салынып, сессияға күнделікті әзірленбеген. Студенттер Селютин, Тасменовалар физикалық практикүмнен зачет өткізе алмады.

Заводский, Исанов, Малашевич сияқты студенттер шетел тілі пәнін оқу жылының басынан нашар оқып, күнделікті сабаққа әзірленбей келетін, соның салдарынан олар бұл пәннен зачет тапсыра алмады.

Қ. БАИБУРИНА.

### Э Т Ю Д

#### ПРАКТИКАДА

- Сол қызды да мақтаймысың?
- Несі бар?
- Өзінен басқаны менсінбейді, кекиеді де жүреді.
- Біздің қыздардың ішінде тәуірі сол демеуші ме едің?
- Үндемейді.
- Неге үндемейсің?
- Есеп айрысқанбыз.
- Ә?
- Есеп айрысқанбыз деймін.
- Е...

- Онымен қайда танысып жүрсің?
- Практикада.
- Биылғы педагогикалық практикада ма?
- Ие.
- Кім болып істейді?
- «Кім болып істейдісі» қалай?
- Мүғалім бе, кітапханашы ма, секретарь ма?
- 8 класта оқитын қыз.

Мырзатай СЕРҒАЛИЕВ.

Адрес редакции: г. Алма-Ата, ул.

Заң факультетінің оқу корпусындағы оқу залы. Үлкен терезелерден мол түскен күн сәулесі кең бөлменің ішіне көңілді көрініс беріп тұр. Қазірге қойылған столдарда бірде-бір бос орын көрінбейді. Әр столда топ-топ кітап, журналдарды кезек ақтарып, үніле қарап оқып отырған студенттер.

Терезе жақ қатардың орта тұстағы столдарының бірінде оқу залының күнсайынғы қонағы аталған оқу озағы — Дмитрий Березовский отыр. Ол заң факультетінің III курсына оқиды. Қазір Дмитрий барлық зачеттарын ойдағыдай өткізіп, финансы правосынан болатын емтиханға дайындалып отыр.

Одан кейінгі столдағы — тарих факультетінің III курс студенті, оқу озағы Оразбеков Ақынбек. Оның алдында «Оңтүстік және батыс славяндарының тарихы» жатыр. Ақынбек тарихтан болатын емтиханға мұқият әзірленуде.

Оқу залы ішінде көп адам отырғанмен кітап, журнал парактарының

сыдыры мен дәптер беттерінде жылжыған қалам сыртылынан басқа бөгде дыбыс, тыныштық бұзатындай оқшау қимыл білінбейді.

Жұрт назарының өдеттен тыс салтанатқа ауып, бір сәтке тына қалғанындағыдай тым-тырыс тыныштық. Есік сыртынан келіп тыңдаған адам бөлме іші адамға лық толы дегенге сенбейтін.

Отырған жұрт өзі-өзі болып, өзгеше дүниеге еніп, соның қызығы мен қиынның үнсіз-тілсіз тамашалап, іштей ұғыныс тауып, көңілге тоқып жатқандай. Білмек, түсініп түйсінбек ниетке бекіп, сол мақсатқа барыпта, бар пейілмен құлшына берілгендей.

Ізденгіш ой, дамылсыз еңбек парактарды саралай отырып, саналы білімге, жігерлі іске жетелеген тәрізді.

Оқу залы ішіндегі тым-тырыс тыныштықтың сыры да, мәні мен мағынасы да үйренуді, оқуды мақсат еткен ынта-пейілде, жігерлі еңбекте болса керек...

Шынында, оқу залында студенттердің дербес әзірленуіне жақсы жағдай жасалған. Әсіресе, емтихан күндерінде студенттердің уақытын дұрыс жұмсап, қажетті оқулықтар мен кітап, журналдарды кең пайдалануына мүмкіндік жасау мақсатымен оқу залының жұмыс мерзімі ұзартылып, тәулігіне 13 сағат істейтін болды. Залда 120 орындық бар. Әр столдың үстіне абажурлы электр шамдары қойылған.

Факультеттерде емтихан тапсыру аяқталғанға дейін оқу залы демалыс күндері де жұмыс істейтін болады.

Кітапханашы С. А. Қирпичева, Л. И. Крупниковалар да студенттер уақытын үнемдеп, керекті кітаптармен тез қамтамасыз етуге тырысады.

Оқу залының үлгілі жұмысы студенттердің емтиханға жақсы әзірленуіне, факультеттер бойынша қысқы сессияның нәтижелі аяқталуына әсер ететініне күмән жоқ.

С. МАСҒУТОВ.



Тарих факультетінің студенттері республикалық музейге жиі барып, ондағы экспонаттармен танысады, республикамыздың тарихын зерттейді. Фото С. Тимошевскийдікі.

Сықак әңгіме

## Есентай қуанып жүр

Есентай қуанып жүр, жолдастар. Қуанышы сондай, минут сайын күледі. Күледі де, көкке қарайды, онан соң жерге, онан соң тауға.

— Уай, көк! Жұлдызың сенің неге ұқсайды? Көзге ұқсай ма? Айың сенің неге ұқсайды? Ерінге ұқсай ма? Олар мына менің, Есентайдың, ерні мен көзі емес пе? — деп қояды.

Деп қойып, жерді бір тебеді:

— Уай, жер! Осы сенің қай жерің әсем? Елдің айтуынша, домалақ көрінесің өзін? Бұйралайдым басың, көрсеңіз арлығың жоқ екен. Мұның бәрі менде бар, ал ендеше! — деп жібереді.

Деп жібереді де, ол ағашқа қарап, бірдене дейді. Бірдене деп тауды да мінеп тастайды. Мінеп тастайды да, күліп алып:

— Құдай бермеген бұйра шашты қолдан жасап қатырдым-ау! Басым — араб халқының басына, шашым — араб халқының шашына ұқсады да кетті, — дейді Есентай.

— Онсыз да сұлу жігіт ем, енді маған кім жетсін?! Иегімді қырық градусқа көтеріп алып, көз қиығын қыздарға қадап тастап, оқу залын шыр айналдыр!!! О-о, онда елуілеген қыздың есі кетіп артымынан ерер еді-ау! Паһ!.. Паһ!.. Паһ!.. Алтыннан салған тісі бар, ала-құла көйлек пен алып қарыс галстугі бар, ала-құла костюм мен ала-құла шалбары бар асқан сұлу атлет денелі жігітке кім қызықпасын?! Паһ!.. Паһ!.. Паһ!..

Осылай ол өзіне-өзі таңғалды. Таңғалып тұрып, болашағын ойлады.

... Мінеки, сарғай күткен — диплом!.. Ал мынау — Ресторан!.. Есентай достарының арасында жатыр. Айналасы — Арақ!..

— Дипломды «жумауға» болмайды ғой, — деп күбір ете түсті Есентай.

... Мінеки, стол!.. Есентай шалқайып отыр... Бірақ қай жерде? «СК»

Газеттің бұл саны журналистика бөлімінің үшінші курсы студенттерінің күшімен шығарылды.

Газет санының шығарылуына мына студенттер: Қ. Қабулов, Р. Құда-

да ма, әлде, аудандық газеттің редакциясында ма?..

Есентай мұны біле алмады. Біле алмағасын бесінші курстың студентінен:

— Кешірсіз, оқуды бітірген соң, сіздерді қай жақтағы жұмысқа жібереді? — деп сұрады.

— Аудандық газетке! — деді студент үлкен мақтанышымен.

Есентай дір ете түсті. Жоқ, ол ауданға барғысы келмейді. Тіпті, облыс орталығына да бармайды! Тек Алматыда ғана қалады!.. Бірақ қайтсе қалады? Мұның ретін қалай таппақ? Тегі, оның жолы бар ма?

Есентай бір жеті ойланды. Жолы бар екен!..

— Алдыменен ауылда қалған әйеліме хат жазуым тиіс. Айрылысамыз! Өйтпеске болмайды да! — деп Есентай көңілдене түсті. — Сонсоң, сонсоң ғой ЖенПИдегі Гүлнәстен, ҚазПИдегі Хасияттан, дәрігер қыз Наташадан бірдене ғып бой көрсетпей құтылып кетермін. Оларды қойшы!.. Главное, бірінші курста оқитын құбыжыққа үйленсем болғаны емес пе? Жаман неме, маған, көптен бері, ғашық көрінеді. Э-эх, дүние! Осындай сүйкімсіз жанның әкесі ірі жазушы болуын қарашы! Өйтпесе, түкірмес те едім ғой оған! Амал не, үйленуім керек. Қалада жұмыс істеуім былай тұрсын, құрғырдың әкесінің сүйеуімен жазушы да болып кетуім мүмкін!.. Бірақ, әнебір, бірге оқитын қара жігітке барлық сырымды ашып едім, ол: «Есеек! Сен милый другым! Ал Дю Руаға біздің ортамызда орын жоқ! Фелетон жазамын» дейді. Бір түйір ақыл жоқ! Ақмақ па, өзі?! Сол бұлдіріп жүрмесің игі еді!

Есентай күдіктене бастады. Күдіктене бастады да, ұмытып кетті. Қазір ол қуанып жүр.

Т. САРЫБАЕВ.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

баев, Қ. Төлғаев, Ж. Тұяқбаев, К. Наймабаев, Т. Дәулетов, Қ. Тілегенов, Т. Сарыбаев, Т. Қоңыров, О. Әлібеков, С. Масғұтов, К. Ғабдешев белсене қатысты.

## Ж. Сәдуақасов

Филология факультеті журналистика бөлімінің IV курс студенті Жасталап Кәрімұлы Сәдуақасов мезгілсіз қайтыс болды.

Жасталап университетте оқыған жылдарының алғашқы күндерінен бастап-ақ үздік оқушымен, үлгілі тәртібімен көзге түсті.

Ол — оқу озағы болатын. Өзіне тапсырылған қоғамдық жұмысты бұлжытпай орындап жүрді.

Жасталап өзінің қысқа өмірінде журналист мамандығына бейімділігін аңғартты. Ол өндірістік практиканы үнемі өте жақсы өткізіп жүрді.

Жасталап — жақсы жолдас еді. Оның жүрегі досқа деген үлкен сүйіспеншілікпен соғатын. Жолдастарының қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасушы еді.

Оның жүрегі ізгі сезімдерге толы еді, адамға деген шынайы махаббаты бар-ды. Сол ізгі жүрек соғуын тоқтатты.

Ол көп армандайтын, сол арманына жете алмай кетті.

Оның жарқын бейнесі біздің есімізде ұзақ сақталады.

Деканат, комсомол бюросы.

Жасталап Сәдуақасов өзінің журналистік қабілетімен бірге, қысқа әңгімелер, этюдтер жазатын. Ол аз жазса да, өз қалам тартысы, өз нақышы қалыптасып келе жатыр еді.

Оның өлеңдері мен этюдтерінің кейбіреуін жариялап отырмыз.

Тіл қатпай қинасаң да, түңілмедім. Жетпей ме жүрегіңе үнім менің? Қараймын жалбарынып бір өзіңе. Жадырап күлермісің күнім менің? Көңілді ем — қабағым еш

түйілмеген, Қапаның, ғашық бар ма күйінбеген, Биледі ұлы сезім, армандадым

О, жалған, бұл не сиқыр сүю деген?

Этюд

### ҚОРЖЫНБАЙДЫҢ ОЛЫ

— Жұрттың бәрі бір жарым, екі жылдық мал азғының қорын жасу үшін еңбек етіп жатыр. Ал, сен болсаң, әлі ауылда жүрсің. Көмектеспейсің бе, колхозға? — деп, Қоржынбайға бригадир ұрса бастады.

— Сонда қалай? Биыл екі жылдық шөп алсақ, ендігі жылы дем аламыз ба? — деп, жалқау саудала-сып барады бригадирмен.

Шіркіннің ойының «теренін ай!».

— ОО—

Билет сатып алыңыздар!

Республика еңбекшілерінің көптеген тілектерін ескере отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі 1959 жылғы тағы да ақшадай-заттай лотерея өткізуге ұйғарды. Оның жалпы сомасы 36 миллион сом болып белгіленді.

Лотерея арқайсысының сомасы 9 миллион сом болып төрт рет шығарылады. Оның арқайсысы бойынша ақшадай ұтыс 10 сомнан 1000 сомға дейінгі мөлшерде белгіленді.

Ақшадай-заттай лотерея билеттерін Қазақ университеті жанындағы (Киров, Панфилов көшелерінің бұрышы) № 6219/079 жинақ кассасынан сатып алуға болады.

Жолдастар! Билет сатып алыңыздар!

№ 6219/079 жинақ кассасы.

Редактордың орынбасары

Т. АМАНДОСОВ.